

ӨРКЕНДЕГЕН ӨНІР КЕЛБЕТІ



Сарыарқаның төскейінен орын тепкен Қарағанды облысының құрылғанына 70 жыл толып отыр. Мен өзімнің облыспен түйедей құрдас екенімді мақтан етемін. Мен Қарағанды қаласын тұрмысқа шыққан әпкемнің үйіне барғанымда 1946 жылы бірінші рет көрдім. Онда ескі қала ғана бар. Бұқпа өзені бойында жаңа қаланың ірге тасы жаңадан қаланып жатқан кез. Екі-үш қабатты үйлерді алғаш сыртынан көріп, адамдар жоғарғы қабатқа қалай шығады екен деп таң қалушы едік.

Сол жылдары Орджоникидзе атындағы және Ақсу колхозы Соқыр өзенінің бойына үй тігіп, бие сауып Қарағанды қаласына апарып қымыз сататын. Әлі есімде Нұрпейісов Нәби жылқышы, Төкенов Төлеутай қымыз сатады, әйелдері бие сауады. Ақсудан Сәдуақасов Тиышбай қымыз сатушы да, Бекмағанбетов Жарқым-

көлемінде ірі, әдемі, сәнді шәһарға айналғанының куәсі болып келеміз. Қарағанды облысының соғыс жылдарында, одан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі даңқы бүкіл одаққа белгілі болды. Соның бір мысалы: 1974 жылы Мәскеуде қаланың ішіндегі аэровокзалды сұрап, таяқ ұстаған бір қариямен жолықтым. Ол маған өзбекстаннансың ба деді. Жоқ қазақстаннанмын деп едім. «Ә», деді де қойды. Аса біле қоймады ғой деймін. Қарағанды облысынан деп қайталап едім: «А, оны естігем, көмір бассейні бар қала ғой», - деді.

Қазақстаннан сыртқары жерге барғанда Жезқазған облысын атамай Қарағанды облысынанмын, - деп атаушы едім. Себебі ол маған бір түрлі жақын, сезілетін. Бұрын әр ауыл бір колхоз боп ұжымда еңбек етіп жатты. 1949 жылы ірілендірілді. 4 колхоз Орджоникидзе, Ақтөбе, Беталыс,

Тойбеков Омар, Ақымбеков Қасқатай, Есмағанбетов Хасен, Туғанбаев Сары МЖС-та қызмет етті. Кейіннен МТС болып құрылды. Оның орталығын Қайрақтыдан аудан орталығына көшіруге жаңағы аты аталған азаматтар көп еңбек сіңірді. Анығырақ айтсақ күштеп әкелуге себеп болды.

1954 жылы ақпан айында Қарағандының Шахтстрой комбинаты жүзге тарта газ-51 автокөлігімен Шетке қызыл кірпіш тасыды. Құрылыс 3 жылға жоспарланды. Құрылысшылар Карлагтың сотталған адамдары болатын. Ол кез Сталин қайтыс болып, Маленковтың амнистия берген шағы. Украина, Беларуссияның азаматтарынан құралған Карлаг тұтқындарына құрылысты қай уақытта аяқтасаңдар, сол кезде қайтасыңдар деген талап қойылды да, құрылыс барынша жедел жүрді. Гордилов деген прораб құрылысты ноябрде аяқталды деп өткізді. Бітпей

бек жылқышы болатын. Алғашқы-
да қымыздың литрін 24 сомнан,
одан 18-ге түсті, қыркүйек айында
12 сомнан сатты. Есімде
Зелентрестің түбінде той болды.
Ескі қаламен екі орта ашық, құры-
лыстар жаңа ғана жүріп жатқан
шақ. Үлкен ақ кигіз
ү й д і

Игілік колхоздары бірігіп, орта-
лығы Ақтөбе болды. Алғашқы жи-
налыс үлкен өзеннің бойында өтіп,
басқармасы болып
Тө к е н о в

ТАРИХ БЕТІН ПАРАҚТАҒАНДА

1955 жылдың соңында теміржол вокзалы салынып бітті.
1957 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының Қарағанды об-
лыстық облысаралық бөлімшесі құрылды.
1958 жылдың 16 қаңтарында Еңбек гигиенасы және кәсіптік
аурулар ғылыми-зерттеу институты (қазіргі физиология және
еңбек гигиенасы институты) құрылды.
1958 жылы 27 сәуірде спорт сарайы ашылды, оған кейін
Н.Әбдіров есімі берілді.
1958 Қарағанды телевизия студиясы құрылды. Оның алға-
шқы телехабары Шахтер күні қарсаңында эфирге шықты.
1958 жылы 3 қазанда Кеңес Одағының Батыры Нүркен
Әбдіровтың ескерткіші ашылды.
1958 жылғы 16 қазанда Қарағанды облысы астық сату жөніндегі
социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шыққаны үшін
Ленин орденімен марапатталды.
1958 жылы «Шахтер» орталық стадионы ашылды.
1961 жылғы 14 қарашада Қарағанды қаласының Сталин аудан-
ы Октябрь ауданы болып өзгертілді.
1961 жылы Қарағандыда қазақтың шетелдермен достық және
мәдени байланыс қоғамының облыстық бөлімшесі құрылды.
1962 жылы 7 қаңтарда көрме залы ашылды.
1963 жылы қаңтарда Қарағанды қаласының Киров және Шах-
тинск ауданы деп аталды.
1964 жылы Қазақстан Суретшілер Одағының Қарағанды
бөлімшесі құрылды.
1966 жылғы ақпанда Қарағанды жаңа автовокзалы ашылды.

а п а р ы п
тікті. Бала шаға біз де ере
бардық. Үш күнгі сатқызбай жи-
налған қымызды тойға пайдалан-
ды. Содан он жылдан кейін 1956
жылы онжылдықты бітіріп оқуға
барғанда қала адам танымастай, 5
қабат үйлері бар, өзгеріп кетіпті.
Қарағанды қаласының одақ
көлемінде Кузбасс, Донбастан
кейінгі үшінші көмір алыбы, үлкен
өндіріс ошағы болғанын газет
беттерінен қызыға оқитынбыз.
Қаланың одан кейінгі даму кезеңі
көз алдымызда. Республика

Жұмабай сай-
ланды. Қалдыбай деген тақ-
пақтап арнау айтты. Ауыл адам-
дары айтып жүретін, қазір есімде
қалмапты.

Қайрақты ауылының орнына
МЖС (машинно-животноводчес-
кий станция) құрылды. Оның
мақсаты техникасымен колхоз-
дардың шебін шауып, егінін са-
лып, шауып береді. МЖС-ті Ле-
нинградтан агрономдықты бітіріп
келген Құлжанбеков Айткен деген
басқарды. Сол жылдары еңбек
еткен кадрлар алғыр, мейілінше
парасатты жандар болатын. Рыс-
мұқан Баймұқанов бухгалтер,

қалған екі қабат ақ үйдің екінші
қабаты ғана. 1965 жылы ауылша-
руашылығы басқармасының бас-
тығы Байғабылов бітіртіп, өзіне
контор жасады. Ал оның жанын-
дағы бірінші ақ үй 1967 жылға
дейін райком болды, қазір воен-
комат орналасқан. Кеңшар орта-
лығының бар құрылысы сол жылы
тұрғызылды.

МТС-тің директоры Русь деген
болды, кейін Туғанбаев Ерденбай
деген азамат басқарды. Негізі жа-
ңаарқалық болатын.

1958-ге дейін МТС-ті Орталық
комитетінің пленумында РТС
(жөндеу техникалық стансасы) жа-
сады. Оның алғаш директоры
Г.С.Фищук деген 1958 жылы Ле-
нинградқа аспирантураға кетті де,
Алматы ауыл шаруашылығы ин-
ститутын қызыл дипломмен
бітірген Серік Рақышев басқарды.
Ол сол кезде, 26 жаста бола-
тын. 1961 жылы 1 сәуірде 3 колхоз-
Ақсу, Орджоникидзе, Сталин және
РТС бірігіп Орджоникидзе атын-
дағы совхоз болып құрылды. Ди-
ректоры болып С.Рақышев сай-
ланды. Ол 1964 жылға дейін істеді
де, май айында Т.Ысқақов келді.
Осы бір шебер ұйымдастырушы,
іскер басшы шаруашылықты 13
жыл басқарды. 1977 жылдан
Қуаныштай Сейілбеков, 1986 жылы
Есенкүл Түсіпов басқарды.

Менің еңбек жолым осы шару-
ашылықпен тікелей байланыс-
ты. 1957 жылдан автомеханик, зав-
гар болып еңбектендім. 1966 жыл-
дан жұмысшылар комитетінің
төрағасы, 1973 жылдан

1985 жылға дейін партком бо-
лып қызметтер атқардым.
Кейіннен агроном - семеновод,
қойма меңгерушісі болып
зейнеткерлікке шықтым.

Бұл айтқаным облыстың бір
пұшпағы болған шаруашылықтың
тарихы еді. Сарыарқаның ортасы-
нан ойып тұрып орын алған облыс
бұл күндері тәуелсіз еліміздің өсіп,
өркендеп, дамуына айтарлықтай
үлес қосып келеді.

**Мәдет БАЙТАНАС,
аудан тұрғыны.**